

**Kazakh transcript:**

Институтқа кіру қалай деп айтуға болады? Қиында онайда деп айтуға болады. Ол әрбір баланың біліміне байланысты, әрбір жанұяның ақша жағына байланысты. Білім жағы... Мысалы, біз мемлекеттік тест тапсырамыз. Егер баланың білімі жақсы болса, ол бала жаңағы тестті жақсы баллдармен тапсырып, мемлекеттік грант бойынша оқу болады. Онда олар ақша төлемейді. Ал егер білім жағы төмен болса баланың, дайындылығы нашар болса, онда, әрине, грант ұтып алу оның мүмкіншілігі өте-өте аз. Сол үшін ондай балалар ақша төлеп оқиды. Әрбір университетте әрбір ақша төленеді... бір оқу жылына. Ал ол университетте ол төрт жыл оқиды. Сол үшін ол (бә-) бәр жерде де бірдей деп ойлаймын. Білімі бар балалар... күштері бар және оның мүмкіншіліктері бар... өзінің білімдері мен. Және егер семьяның финанс жағы жақсы болса, олар ақшаларын төлеп сол жерде оқып шығу мүмкін. Бірақ университетте оқыған кезде білімдері жақсы болуы керек. «Неге?», десеніз, экзамендар тапсырады... емтиханаларды. Оған бәріне білім керек деп ойлаймын. Бізде заңгер адамның мамандығы және финанс мамандықтарын көбінесе таңдайды. Сонымен қатар шет тілдер... де өте жақсы факультет деп саналады балалардың орталарында. Және әртүрлі іс қағаздармен жұмыс істейтін мамандықтар, компьютермен жұмыс істейтін мамандықтар да жақсы деп саналады.

**English translation:**

How can one enter a University? It's easy and difficult at the same time. It depends on children's knowledge and each family's financial situation. About knowledge... for example, we take national exam. If a child's knowledge is good, he/she can pass this exam, get good scores and he/she will study on a scholarship. Then... they will not pay for their study. But if a child's knowledge is poor, preparation is bad, his or her chances to win a scholarship are very low, that's why such students pay for their study. In different universities, the tuition fee is different... for one academic year. And he/she will study there for four years. For this reason, I think this situation is same everywhere. Children with good knowledge... with good abilities have more chances... with their knowledge. If the financial situation of a family is good enough they can pay for their study and can get an education. But they should study well in a university because they will take exams. I think for all this students must have good knowledge. The most popular professions which students choose are lawyers and financiers. Along with these, foreign language departments are also ranked as the most popular among applicants. Administration and computer majors are also considered good majors.

**About CultureTalk:** CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated